Наказание за незаконную охоту на животных имеет схожее значение: 8 334 000 тенге и иные последствия, как при рыбалке. При охоте в запрещенных местах или на запрещенные виды штраф составит уже 6 000 МРП – 16 668 000 тенге. При этом человек может лишиться свободы на 3-6 лет. К способам, относящимся к незаконной охоте, относятся: использование транспортных средств – гужевой и верховой транспорт, лодки, мотоциклы, квадроциклы, машины и даже авиатехника, орудия охоты – все виды от пневматического до метательного и холодного оружия, а также использование охотничьих птиц и собак. Какие штрафы грозят за браконьерство Также следует отметить, что продажа, покупка, хранение или использование частей охраняемых видов животных и растений тоже уголовно наказуемо. За подобные нарушения также придется заплатить до 3 000 МРП (8 334 000 тенге). Поэтому необходимо обеспечивать безопасность охраняемых видов и осуществлять охоту по строго регламентируемым нормам. А для прекращения распространения браконьерства отказаться от использования частей животных, которые страдают от уничтожения незаконными охотниками.:

Незаконная рыбалка

Разделу о незаконном использовании природных ресурсов посвящена 13 глава Уголовного кодекса Казахстана. Согласно статье 335, незаконной добычей рыбных и других водных животных ресурсов или растений считается использование при охоте запрещенных веществ и инструментов. Какие штрафы грозят за браконьерство. Это использование взрывчатки, химических реагентов, электрического тока и так далее. То есть все, что ведет к массовому истреблению рыб, водных животных и растений. Штраф за подобное нарушение грозит значительный: до 3 000 МРП – 8 334 000 тенге, или исправительные работы на ту же сумму, либо 800 часов общественных работ, или лишение свободы до трех лет. При этом конфискуется имущество и налагается запрет до пяти лет на охоту и некоторые трудовые должности. А за незаконную рыбалку на редкие и запрещенные виды штраф возрастет в два раза – 6 000 МРП или 16 668 000 тенге. Также срок заключения уже составит шесть лет.

На территории Жонгар Алатауского национального природного парка охота и рыбалка строго запрещена. Государственные инспектора круглый год следят за тем чтобы на территории не было закононарушении.

Айдарбек АБИШЕВ,
государственный инспектор Басканского лесничества Сарканского филиала.

Лес - огромное богатство

Лес действительно огромное богатство для всех, кто живет на нашей планете. В мире осталось очень мало больших лесных массивов не тронутых человеком. А ведь лес – это, прежде всего «легкие» нашей планеты». Деревья вырабатывают кислород, без которого ни люди, ни животные не могут обходиться ни минуты, если в воздухе мало кислорода - становится трудно дышать. Ежегодно вся страна празднует Новый год. Украшаются дома, покупаются игрушки, из леса привозят красавицу Ель.

Почему к ёлке такое особое отношение? Почему она в стихах оживает? И самое главное, почему именно она является символом, незаменимым атрибутом Нового года, всеми нами любимого праздника!

Ель занимала особое положение среди деревьев, ей всегда отводилось особое место в жизни людей. По обычаю встречать Новый год с зеленой красавицей уходит в древние времена и связан с культом зелени. Наши далекие предки наделяли деревья способностью творить добро и зло, чувствовать, считали, что в их ветвях нашли приют духи - как добрые, так и злые. Поэтому люди украшали деревья, чтобы задобрить духов и получить их поддержку.

С давних пор Новый год - любимый праздник, а в представлении многих людей ель - «новогоднее дерево». Эта традиция уже ставит под угрозу наши хвойные леса! Чтобы вырастить хвойный лес необходимо 100-120 лет. К Новогодним праздникам срубаются десятки тысяч ёлок и сосен, которые через 10 дней превращаются в мусор. Призываем всех использовать для украшения своих домов искусственные ёлки, букеты, композиции приобретенных на новогодних базарах.

О ёлке – новогодней красавице, написано много рассказов и стихов. Большая их часть описывает ёлочку, установленную в зале или комнате, при этом все восхищаются её красотой и убранством, радуются празднику. И в этой праздничной суете как-то забывается тот факт, что ежедневно после праздника в лесах резко сокращается количество этих красавиц и в ближайшем будущем у нас совсем не останется возможности радоваться её красоте, не только у себя в доме, но и в лесу.

Поэтому, уже сейчас важно воспитывать у наших детей понимание того, что для празднования Нового года ёлку не обязательно рубить, а можно найти альтернативу.

В целях сохранения еловых лесов государственные инспектора Сарканского филиала в предновогодний период усиливают проведение агитационных работ с жителями и гостями близлежащих поселков города Саркан. Так же устанавливаются посты для предотвращения незаконных деяний.

Ш.ДОСАНАМАНОВ,
государственный инспектор Басканского лесничества Сарканского филиала.

ӨНЕР ЖОЛЫ

Осыдан он жыл бұрын тірлік сапары шектеліп, келместің кемесіне мініп кетсе де қазақ өнерінің тарихында айтулы ізі қалған Еркеғали Рахмадиев туралы жазбамыз келер ұрпақ үшін қажет болар деген ой қолымызға қалам алдырды.

1993 жылы даңқты композитор Мұқан Төлебаевтың 80 жылдығын туған жерінде атап өтерде сол кездегі Мәдениет министрі Еркеғали Рахмадиевтің атқарған қызметі екінің бірінің аузында жүрді. Мұқанның мұражайы тарих тылсымынан сыр шертуге мүмкіндік берді, естеліктер кітабы жарық көрді, даңқты композитордың мерейтойы Алматыдан бастау алып, туған жері Бөрлітөбеде заңды жалғасын тапты, өлмес шығармалары тағы да жұрт жадында жаңғырды. Осы шаралардың ұйтқысы болған Ер-ағаңа жұрт алғысы шексіз еді.

Арада жылдар өтті. Уақыт атты таразының адамдарды жас деп жасамыс деп бөлері хақ. Ер-ағаң да министрдің креслосын зейнеткердің жайлы төсегіне алмастырды. Сол кезде бөрлітөбеліктер перзентінің толық шығармашылық жұмысқа бет бұруын қалап туған жерге шақырады. Қарт Балқаштың жағалауынан композитордың шығармашылық үйі ашылды. Еркеғали Рахмадиевтің шығармашылық үйінің ашылуына Алматыдан өнердің кіл қаймақтары келіп, аудан орталығында, көл жағасында екі күн концерт берді де осы концерттің өн-бойында композитор шығармалары орындалды. Ағамызбен сұхбаттасу, зерде баспалдақтары арқылы өткенге үңілу ойымыз осы жылдары жүзеге асты. Қоғамда із тастаған жеке адамның көпке белгісіз кейбір кезеңдері туралы кейіпкердің өзі айтқаны тиімді болар деп үнтаспаға түскен Ерағаң естелігін ықшамдап ұсынып отырмыз.

«Неңді сенің аңсаймын бала шағым?»

Артық-кем кеткен жеріміз болса уақыт төреші: жадымды жаңғыртып өткенді ойға оралтқанда кім туралы айтсам да көргенбілгенімді, ортаға салып, ар атынан айтайын.

Мен барлық құжаттарда, энциклопедияда, хат-хабарларда 1932 жылы туылғанмын. Одақтық энциклопедияда, Бүкілодақтық музыкалық энциклопедияда, Қазақстан энциклопедиясында туған жылым осы датамен белгіленген. Прагада болған бір фестивальда Швецияның королевалық кітапханасында дүние жүзі музыкасы туралы 4 томдық энциклопедияға енгенімді естідім. Кейін 1983-84 жылдары Швецияда, Стокгольмде сол аталмыш кітапханада болып энциклопедиямен таныстым. Содан бері шведтің музыкалық журналын алып тұрамын.

Егеменді ел болуымызға байланысты жаңа төлқұжат алу кезінде туған жылымды дұрыстатқым келіп еді, оған туу туралы куәлік немесе үш адамнан куә ретінде қағаз алуым керек екен. Отызыншы жылдары бізге кім куәлік қағаз беріпті және менің туғанымды көрген адамдардың өздері де бұл дүниелік емес болар.

Менің әкем төрт ағайынды: Рахмади, Мұқат (Мұхаметқали), Аққали, Айтқали.

Кенже ағам Айтқали әкесінен бір жасында қалып, үлкен ағасы- менің әкем Рахмадидің қолында тәрбиеленген. Кейін біз осы кісінің қамқорлығын көрдік. Ол кісі де марқұм болып кетті, сүйегі Лепсіде.

Бертін келе ол маған «Сен 30-шы жылғысың. Жалшылардың І-ші жәрмеңкесі Қарқаралыда І-августта өткен. Сол жәрмеңкеден келе жатып үйге соққанымда сен дүниеге келіпсің» дейтін.

Кенже ағам Айтқали көзі ашық, сол кездің өзінде атқа мінген адам. Сонымен менің жылым-жылқы, жұлдызым-арыстан, туып-өскен жерім Шұбартау ауданы.

1982 жылы мені Шұбартаудың бірінші хатшысы Мақашев туған жеріме де шақырды. Сол жылы алғаш рет кіндік кескен жерімді көрдім. Біз 32-33 жылдары туған жерден аусақ, сол өңірге мен араға 50 жыл салып келіппін.

«Өзен жағалағанның өзегі талмайды» деп біз Бөрлітөбеге қоныс аударып, Күркілдектің бойына қоныстандық. Әкем шеген құдыққа күзетші болып, қылды бақырмен су үлестіріп, бала-шаға нәпақасын ажырататын.

Мен де ашаршылықтың шет жағасын көрдім. Бекен-Бекбай деген аталас ағайындарымыз бар еді. Сол Бекеңнің бәйбішесі Айша мені өлімнен алып қалыпты. Аштан өлген бе, арықтықтан өлген бе, арық түйенің сол үйге тиесілі бір жапырақ етін шөңкеге пісіріп алдымызға қойғанда қасқа тісіме ілініп қалып шандыр ет не ары, не бері кетпей өңешіме тұрып қалыпты. Сірә, азу тістің әлі шыға қоймай енді-енді қасқа тісім көрінген екі жасар кезім болса керек. Айша шешеміз желкемнен тоқпақтап жүріп әзер алып қалыпты.

Дүнгене деген ауру бар. Сірә, цинга болса керек. Безгек, оба дегендердің «Жығылған үстіне жұдырық» болып, аш елге әлімжеттік қылған кез. Өзімнен 10 жас үлкен ағам екеуіміз топ боп домалап қалдық. Тақым, қолдың қары тартылып қалған. Өз бетімізбен жүре алмаймыз, түзге отыра алмаймыз. Көктем шыға Арқа жақта сарымсақ шығады, шағала, үйрек жұмыртқалайды. Жұмыртқа мен сарымсақты айранға былғап жеп сол аурудан ада болыппыз. 1934 жылдың күзінде жергіліктісі бар, көлдің арғы жағалауынан ауып келгені бар: Шұбартүбек өңірінен 6 балық колхозы ұйымдасқан: «Үлгі», «Жаңа тілеу», «Соц. Қазақстан», «1-Май», «Балхаш рыбак», «Красный рыбак».

Біздің колхоздың атын әкем Рахмади қойыпты. «Жаңа тілеумен келіп отырмыз, аты «Жаңа тілеу» болсын» – депті. Бірыңғай біздің ағайындар осы колхоздың негізін қалаған.

1934 жылы қалыптасып колхоз болдық. Ел еңсесін көтере бастады. Себеп той көп: оның қызығы – жаяу жарыс, қатын жарыс, бала жарыс, күрес. Сондай жарыстың бірінде 4 жасар кезім ғой, үкідей ұшып келе жатып, тасқа сүрініп, етбетімнен түсіппін. Сонда тұра беріп: «Бұл құдайдың жөні болған жоқ» деген екем. Кейінге дейін «Еркеш айтпақшы бұл құдайдың жөні емес» деген сөз ұмытылмай жүрді.

Біздің колхозда сол жылдары екі өгіз болды. Осымен егін егілді, орылды, бастырылды. Лепсіден бөшкемен су тасылады. Үй салынады, отын жеткізіледі. Елдің ұйымшылдығы, берекесі осы болар.

Мектеп салынады. Нар қамыспен жабылады. Күн ыстық. Қамыстың үрпек басын біреулер қырықтықпен қырқып тегістейік десе, екіншісі оны сіріңкемен дыз еткізіп тез сөндіріп «шипаттай саламыз» депті. Қырық күн шілде кезі. Бұлар «шипайттаймын» дегенде от лап етіп, жаз бойғы еңбек далаға кетіп, мектеп өртеніп кетіпті. Содан «Шұбартаулықтар» сияқты шипайттап жіберейік» деген мәтел шықты. Бұл біреулердің қолапайсыздығын көрген кезде еске түсетін мысал еді.

39-40 жылы біздің ауылдан 40-қа тарта бала оқуға кетті. Аймұхан деген ағамыз университеттің 3-курсынан соғысқа кетті. Туған ағам Биғали құрылыс техникумында оқып жүріп, майданға алынып, бірде-бір жарақатсыз 1946 жылы аман-есен оралды.

Соғыс басталды. Ауылдағы мектеп төрт жылдық болғандықтан Үлгідегі интернатқа ауыстырды. Бөрлітөбеден шыққан азаматтардың 70-80 пайызы осы Үлгідегі мектеп-интернат түлектері. Аюбай деген ақсақал соғыс кезінде аңшылық жасады. 1943 жылы интернатта үсіп кеткен картошкадан басқа тағам жоқ. Ашаршылықта жеген құйқаның дәмі ауыздан кете ме? Кешке Аякең дала шошқасын аударып тастады. Шошқаның етін асады. Бәріміз дерлік «құдайсыздар қоғамына» мүшеміз. Соған қарамастан шошқаның сорпасын ішіп, етін алып тастаймыз.

Өнерге барар жолда

- Мен жас кезімнен Төлебаев тағылымын көрген адаммын, - деп бастады Ер-ағаң кезекті әңгімесін. 1944 жылдың көктемінде Мұқан аға ауылға келді. Үлгідегі мектеп шын мәнінде де өнердің үлгі- өнегесі еді. Кейіннен ән өнерінің әйгілі тұлғасына айналған Бекен Жылысбаев біздің мектептің түлегі. Ол кісінің үйіндегі жеңгеміз Нұрипа менен бір-ер сынып жоғары оқыды. Бірінің әніне, екіншісінің биіне сан мәрте куә болып, қол соққанбыз.

Бірде мектеп директоры төрт баланы Қарашығаннан пианино алып келуге жұмсады. Сол жылдары атағы шыға бастаған композитор Мұқан Төлебаевтың өтінішімен Бөрлітөбеден бұл пианино Қарашыған айлағына жеткізілген екен. Жолбасшы үлкендеріміз бар, біз өгіз арбамен қара күйсандықты мектепке жеткіздік. Пианино мектептің бір кабинетінен орын алды.

Мұқан ағаның дауысы тенор болатын. Орта бойлы, үнемі ойлы кескінде жүретін осы адамға қызыға қараймыз. Кезінде Москваға әнші болам деп арман қуып барып, кейін композиция класына ауысқан, қазақта сирек мамандықтың жалына қол артқан дарынмен бұрын атағын естіп жүріп туған жерінде осылай дидарласқан едік. Біздің құлағымыз кабинеттен үздік-создық шығып жататын ғажайып әуенде, ол кісі сыртқа шықса болды осынау біз үшін таңсық аспаптың маңынан табыламыз. Ұстаздардың шектеуіне қарамастан олардың көзін ала беріп күйсандық тілін басамыз, үніне құлақ түреміз. Сол жылы Мұқан «Біржан-Сара» операсының бірінші актысын жазып жүр екен. Әкем 1948 жылы қайтыс болды, ата-анам малда болып, мен интернатта өскендіктен әкемнің көкейіндегі барлық қазынаны алдым деп айта алмаймын. Бертін келе ол кісінің қасиет-қабілетін Кенжеағамнан (Айтқали марқұм) сұрап білдім.

Әкемнің Төлеу Көбдіковпен айтысы бар. Қасқадан шыққан Демесін болыстың сараңдығын тілге иек еткен қанатты сөзі ел аузында. Ағайын болса да әкем сөзіне болысекең шамданбай:

- Ақын ел ардақтысы ғой, бұлар ақиқатты айтпай тұра алмайды, - дейді екен. Демесін атамыздың сүйегі Қостанай төңірегінде, кәмпескеленіп барып сол жақта қайтыс болыпты.

1934 жылы әкеміз Жамбыл, Омар Шипин, Шашубайлармен бірге халық слетіне қатысып, біздің колхозға өз сыйлығын тарту етіпті, сөйтіп колхоз 1 велосипед, 1 мандолин, патефонға ие болып қалды. Біз болсақ күйтабақтан «бір өзі бір театр» дерлік Қалибек Қуанышбаевтың «Қыз ұзату» деген қойылымын естіп құмарымыздан шығатынбыз. Шашубай, Исалардың әндерін тыңдап құлағымыздың құрышы қанбайтын.

Құрбандығы көп Отан соғысына біздің ауылдан 170-тей азамат аттаныпты. Ауыл ажарсыз, ел жүдеу. Еңсесі түскен елге осындайда біздің әкей сияқты құйма-құлақ шежіре шалдардың тигізген көмегі зор болыпты. Кешкілік ауыл адамдары біздің үйді бетке алатын. Қалақша домбырасын бебеулетіп әкем ескі қиссаларды зарлататын. Бір кезек «Алпамыс» сияқты эпостарды айтып жігер беретін. Біз ойын балалары да әбден шаршап жығылғанша тыңдаудан жалықпайтын едік.

Биқан ағайымнан ұзақ хат келмегенде әкемнің өзі шығарған сағынышты сазы ауылға тарап кетті:

Бозінген боздайды екен ботасына,
Ауыр жүк арқалаған жотасына.
Биқажаным айдай-ау, әкежаным айдай-ау,
Қатпаған қауырсыны қайран қалқам,
Тапсырдым аруақты атасына,
Биқажаным айдай-ау, әкежаным айдай-ау.

Бұл 40 шақты шумақ, әркімнің алыста жүрген өз Биқажаны бар елге бұл әуен кеңінен тарады. 1944 жылы Мұқан аға елге келгенде әкеме арнайы кеп сәлем беріп, осы әуенді айтқызды. «Амангелді» операсын жазғанда оны Балымның зарына негіз етіп алды. Араға жылдар салып өзара кеңескенде «Рахаң саған әке болғанмен, екеумізге де ортақ» деп осы оқиғаны жиі есіне алатын.

Әкем қисса айтып, соғысқа бармай тұрғанда Биқан ағам мандолин тартып, мен қара домбырада 6-7 жастан бастап ойнайтынмын. Мектепте өнер үйірмесіне ұдайы қатыстым.

Мектептегі оқу соғыс жылдары тым қысқа болатын. Ерте көктемнен кешеу күзге дейін балықтамыз. Оның қызығы мен қиындығы бір тарауға жүк. Әйтеуір, біз де «тірі күміс» күреп жүріп, Жеңісті жақындатуға үлес қостық. 1947 жылы біз сияқтылар «Ерен еңбегі үшін» медалімен наградталды. Осылай аз оқып, көп уақытты еңбекке беріп мектеппен де қоштасар сәт туды.

1948 жылы Чайковский атындағы музыка училищесіне түстім. Қарағай домбырадан басқа көп нәрсе көрмеген ауыл баласына бәрі де таңсық, қаптаған аспаптардан шыққан алуан үнге елтіп, бейне бір таңғажайып дүниеге енгендей күй кештім.

Күләш апамыз орындайтын «Қазақ вальсіне» тамсанып өскен басым оның авторы Латиф Хамиди алып адам шығар деп көзге елестететінмін. Алғаш ол ағамызды көргенде амандықтан соң «Қазақ вальсін» рас сіз жаздыңыз ба? » деп сұраппын. «Не, маған ол әнді қимай тұрсың ба?» деген Латиф ағаның сауалына «Жоқ, сенім-түсінігім басқаша еді»-деп көңілім толмай қалғаным есімде. Композициядан осы Латекең берді, мен домбыраны тастап теориялық факультетке ауыстым. Өзім де, Ғали Ормановтың сөзіне «Жас қорған» және тағы басқа әндер жазып, алғаш осы үлкен жүректі ұстаздың батасын алдым.

Біз оқыған кезде 75 сом стипендия алдық, жатақтың бір бөлмесінде 25 бала жатамыз. Қазанның аяғында КазГУ-дің филфагының 3-курсын тастап бізге Әбілахат Еспаев келді. Майдангер гвардия аға лейтенанты, біздің туған ағамыздай бауырласып кеттік. Бірімізге ет-май, бірімізге ұн-талқан әкеледі елден. Артында көмегі жоқтар да аз емес. Қолда барды қылдай бөліп, уақыттың көбін сабаққа бердік.

Елуінші жылдары Қазақ драма театрында Қалибек Қуанышбаев, Серке Қожамқұлов, Елубай Өмірзақов, Шәкен Айманов, Қапан Бадыров, Шолпан Жандарбекова, Хадиша Бөкеева, Бикен Римова, Атайбек Жолымбетов, Камал Қармысов сияқты біртуар тұлғалар болды. Бір жағы соларды көру үшін, бір жағы массовкаға қатысып тиын-тебен табу үшін театрға жиі барып жүрдік. М.Мәметова атындағы педучилище бар, соның музыка факультетінде домбырадан, мандолиннен сабақ бердім. Училище Қызылордаға ауысқан соң тау-кен институтында (қазіргі политехникалық институт) оркестр басқардым. Осылай жүріп-ақ үйге салмақ түсірмедім.

1952 жылы училище бітіріп, консерваторияға түстім. Е.Брусиловский класында дәріс алдым. Бақытжан Байқадамов, Құдыс Қожамьяровтар да менен бұрын осы кісінің алдынан өткен, осындай тарландардан тәлім алу екінің біріне бұйыра бермейтін еді. Комсомол комитетінің хатшысы, Сталиндік стипендиат болдым.

Консерваторияны қызыл дипломмен бітіргеннен кейін Москвадағы аспирантураға жолдама берді. Оқып жүргенде жазған «Амангелді» атты, «Абай жолы» деген фортепьяноға арналған поэмаларым жоғары бағаланған. Алайда аспирантураға түсу туралы ойым жүзеге аспады, бір жылдық білім жетілдіру курсын бітіріп, Алматыға ораддым. Евгений Григорьевич Брусиловскиймен ақылдасып, соңғы курста С.Торайғыровтың «Қамар сұлу» поэмасының негізінде опера жазуға отырғанмын. Либреттосын Нығмет Баймұхамбетов деген ақын жазды. Консерваторияны осының бірінші актісімен аяқтағанмын. Кеудеме нан пісіп барғанда Мәскеу аспирантурасынан тауым шағылды. Дегенмен бұл өмір бақи іздену керек деген басты принципіме алып келді.

Әр заманның өз ағымы бар. 1934 жылы біздің профессионалды операмыз «Қыз Жібектен», басталды. Одан кейін «Ер Тарғын», «Жалбыр», «Абай», «Біржан-Сара», «Назигүл», «Алпамыс», «Қамар сұлу», алдыңғы көштің заңды жалғасы. М.Төлебаев, А. Жұбанов қайтыс болғаннан кейін опера жүгі Ғазиза, Садық пен біздердің мойынымызға түсті. Біздің операмыз қазақ табиғатында емес, шетел дәстүрінде жазылса жанбай жатып сөнер еді. Құрманбек, Күләш опера орындаушы болып көшті бастамаса олардың Жібегі, Төлегені, Бекежаны, Ертарғыны мен Қамар сұлуы халық жүрегінен берік орын алмасы ақиқат. Әрине, кейінгілердің профессионалдық деңгейі алдыңғылардан жоғары, бірақ аға буында табиғат берген дарын күшті екені талассыз. Мүмкін, опера театры жалғыз болғаннан кейін шығар халық театрға сыймай кететін. Отыратын орын табылмайды. Бұл операға ғана емес, оның орындаушыларына деген құрмет екенін жасыру мүмкін бе?

Симфониялық поэмалар осы операның көрінісінен шыққан, басқа да классикалық туындылардың түп-тамыры осы күрделі шығармалардан бастау алды.

Қазақ ән-күй өнері жиырмасыншы ғасырда өскелең деңгейге жетті. М. Төлебаевтың «Тос мені тосы», Р. Елебаевтың «Жас қазағы», С. Мұхамеджановтың «Жарқ етпесі», Л. Хамидидің «Бұлбұлы», Ә. Еспаевтың «Маржан қызы» қай елдің де сауатты тыңдарманын таңтамаша қалдыратын шығармалар. Шәмшінің «Қайықта», «Менің Қазақстаным» әндерінің кәсіби деңгейін бағаламау мүмкін емес. «Әннің де естігі бар, есері бар» дегендей құр айқай мен асқақ әуенді зерделі тыңдаушы айыра алатын дәрежеге жетті.

Ағалардың арасында

Біз оқуға келген жылдар Ахаңның (А. Жұбанов), Мұқаңның (М.Төлебаев) қазақ музыкасының қайраткері боп танылып үлгерген шақтары еді. Бұл қос тұлға қазақ музыка өнерінде бір-бірін толықтырып тұрады.

Ахаң жаңа ғасыр бастауындағы Құдайберген Жұбанов, Ахмет Байтұрсынов, Темірбек Жүргенов сынды қазақ зиялыларының көзін көрген, Құрманғазы атындағы оркестрдің

ӨМІРІҢ

– бірегей ұлт мақтанышының іргетасын қалаған ерекше дарын.

Қазір ғой қандай шығарма жазып жүргенің ешкімді толғандырмайды. 1944 жылы «Абай» операсы шықты. Опера жазылып жатқан тұста Жұмабай Шаяхметов бастаған үкімет қамқорлық жасап, авторларды «Ақсай» санаториіне жатқызып, қадағалап жүрді. Соғыс қаупінің беті қайтқан кезеңде жарық көрген опера «Қыз Жібектен» кейінгі шоқтығы биік шығарма атанды. Айта қалғандай туындының жақсы болуына музыкасын А. Жұмабаев пен Л. Хамидидің, либретотосын дара дарын М. Әуезовтың жазуы, Столяров пен Ненашевтың дирежерлігімен шығуы және Абай ролін Рашит Абдуллиннің сомдауы игі ықпалын тигізді. Рекеңнен кейін Абай ролін М. Мұсабаев, Ғ. Есімов орындап жүр, бірақ алғашқы Абай тұлғасы жадымызда жатталып қалды.

Осылай он жыл ішінде қазақтың опера өнері үлкен биікке көтерілді. Ахаңның музыкалық шығармаларын айтпағанда «Ғасырлар үні», «Замана бұлбұлдары» деген қос еңбегінің өзі бір төбе. Ол тұңғыш рет Құрманғазы, Тәттімбет, Дина, Дәулеткерей, Әсет, Ақан және тағы басқа тарландардың өнер сабақтастығын жазды. Бір адамның қысқа ғұмырда бүтіндей бір халықтың тарихын жазып шығуы мүмкін емес. Кейінгі музыкатанушылар Ахаң салған ізді одан әрі жалғастырса музыка тарихын одан әрі тереңдетуге ұмтылса құба-құп дейміз.

1958 жылы Ахаң Консерваторияда фольклор кабинетін басқарды. Бірде мен Семей, Өскемен жағында үш ішекті домбыра болғанын Найман Байжігіт осы домбырамен 60-тан астам күй жазғанын айттым. Сонда жиналған жастардың көзінше:

- Апырай, біздің үміт күтіп жүрген композиторымыз қазақтың домбырасы мен орыстың балалайкасын ажырата алмайды екен-ау, - деді.

Қатты намыстандым.

1959 жылы экспедицияға шығып, Өскемен жақтан үш ішекті домбыра алып келдім, «Абай» журналындағы Әлмағамбет әншінің үш ішекті домбыра ұстап отырған суретін тауып алдым. Ахаңа алдымен үнтаспадан саз тыңдаттым.

Мынау үш дыбыс қой, - дейді Ахаң. Сонда үш ішекті домбыраны көрсеттім.

-Ереке, академиктердің де кейде білмейтін нәрсесі болады,- деді ол сәл қуақыланып.

Иә, үлкендердің кей сәттегі пендешілігін елемей кетуге де, естелікті кіл жадыңда қалған жақсылықтардан ғана құрауға болар еді. Бұл айтқан өзім көріп куә болған сәттерден үзік сырлар ғана. Кім болса да ет пен сүйектен жаралған жан екені ешкімге де құпия емес қой.

Мұқан Төлебаев ағамызды бала кезгі дидарласудан кейін 1948 жылы лауреат болғанда көрдім. 1955 жылы Мұқаң консерваторияда оркестровкадан сабақ берді. Бір оқу жылы ғана істеп, шығармашылық жұмысқа ауысты. Ғ. Мүсіреповтың либреттосы бойынша «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» операсын бастаған кезі екен. Консерваторияны бітіретін жылы мені таныс жігіттерден шақыртып жіберіпті.

- Аманбысың, сары композитор?! Ел жаққа бармағалы қанша болды? Композиторлар одағына бір орын беріп мені депутаттыққа ұсынып отыр. Сен маған доверенное лицо болып елге бірге барасың!

- Ол не деген сөз.

- Ол қосшы бала деген сөз. Ағаңа қызмет көрсетесің.

Сөз қысқа. Содан 1957 жылдың қысында Бөрлітөбеге жол шектік. Ауданның бірінші хатшысы Несіпбеков күтіп алды.

Ертеңіне Лепсі клубында кездесу болды. Сенімді өкіл ретінде мен лауреат Төлебаевты өз елімізге келіп таныстыру маған оңай емес. Бөрлітөбеде осы ағамыздан артық депутат болып көрген емес, - деп түйіндедім.

Мұқаңға өнер ана сүтімен сіңген. Әкесі Төлебай момындау, шаруақор адам болса керек. Анасы Тәжібаланың әкеммен өлеңмен қақтығысына куә болғаным бар, ділмар, шешен кісі еді. Сол сапарда Мұқаңның немерелес туысы Тәуке деген аңқұмар, батыр пішіндес адамның үйінде болдық. Мұқан әңгіме-кеңеске құмбыл көпшіл адам еді. Ішімдікке жоқ, преферанс, бильярд ойнайтын. Елге келгенде асыра айтып менменсінген сәтін көрген жоқпын.

Мұқан депутат болды. Мен 1958 жылы Мәскеуге кеттім. Сонда Мұқаңның жиі сырқаттанып жүргенін естідім. Оқу бітіріп келген соң пәтер жалдап, шешемді, ағайдың баласын қолға алдық. Ес жиып алған соң Мұқаңа үй көрсеттік. 1959 жылы Мұқан зоопарктың маңында дача типтес екі қабатты үйде тұрды. Жиі араластық. Мәскеуден оралған соң фольклор комитетіне жетекшілік жұмысқа жіберді.

- Әй, сен оны қой, - деді Мұқаң, - филармонияға көркемдік жетекші боласың. Бектенбай Қасымовқа бар, мен айтты де!

Бектенбай Мұқанның досы. Екеуі аралас-құралас. Мәдениет министрінің орынбасары.

Көркемдік жетекшілікке өзімді олқысынып тұрмын. Жүсіпбек Елебеков, Жамал Омарова, Жаппас Қаламбаев сияқты қазақтың ығайы мен сығайы сонда. Би ансамблі де филармония құрамында.

Аға ақылын жерге тастай алмай мәдениет министрлігіне бардым.

Бектенбай Омаров шымыр, көзі өткір адам екен.

- Неғып жүрген баласың? – деп сұрады бірден.

- Мұқаң жіберіп еді.

- Оқуды бітірместен бастық болғың кеп жүр ме? Сен қалай көркемдік жетекші болмақсың?

- Бір ағам «бар» дейді, бір ағам «қайда барасың» дейді, мен аға жіберген соң келіп едім, - деп кілт бұрылдым.

- Өзің қалжыңды түсінбейді екенсің ғой, - деп жүзін жұмсартты Бекең, - ал енді іске сәт!

Кейіннен атақ-абыройға бөленіп, бірнеше мәрте халық қалаулысы атанып, Орталық Комитетке мүше болып, өнер институтын, Композиторлар одағын басқаруым қазақ мәдениетінің көш басында жүруім сол Мұқаң салып берген сара жолдың жемісі.

Бір атадан Мұқаң, Әлім, Әбікен тараса, Мұқаңның рухани інісі ретінде қамшының қысқа сабындай 47 жыл ғұмыр кешкен ағаның ізгі жолын жалғастырдым. Өзі көрмей кеткен елу жылдығынан бастап сексен жылдық мерейтойының өтуіне азды-көпті үлес қостым. Ағалар алақанының жылуын сезген соң біз де бұлақ көзін ашуға талпындық, тапқаным көп пе, жоғалтқаным көп пе – оған көңіл қазы, тарих таразы.

Ер-ағаңмен арадағы сыр-сұхбат күн өткен сайын мені өзіне тарта түсті. Кешу күзде басталған әңгіметіміз қыраулы қысқа ұласты. Балқаш жағалауындағы шығармашылық үйіне кезекті сапарымызда сол мекен жайға бес-алты шақырым қалғанда мылтығын асынып, итін ерткен ағамыз қарсы алдымыздан жолықты. Машинаны сонадайдан тоқтатып, амандық-саулық сұрастық.

- Олжа көп болсын, аға!

- Басты олжам міне, екі сағат болды, таза ауада серуендеп жүріп, өткен күндерімнің көптеген сәулеттерін қайта есіме түсірдім, бүгін әңгімеге кенелерсің деймін…

Ерағаң риясыз жымиды.

Айтпақшы, ауыздарыңның салымын байқайын, шіл, құр атып көрейік…

Аңшылыққа әуестігім болмаса да аға соңынан ілестім. Бұқпантайлап барып, жол жағасын еркін иемденген шілдің тобына мылтығының ұңғысын бағыттады. Көп ұзамай бізге бұйырғанын арқалап Ерағаң қонысын бетке алдық.

Жол үстінде алдағы айтылар әсерлі әңгімелердің бастауы болсын деп оқыс сауалға тізгін бердім:

- Аңшылық кәнігі машығыңыз ғой деймін…

- Иә, әсіресе, жасымнан сөз зергері Ғабеңе-Ғабит Мүсірепов ағамызға серіктес болып, сол кісіден жұққан әдетім ғой…

Сөйтті де қызықты бір оқиға есіне түскендей қасын керді:

- Мен өткен жолы атақты әнші ағамыз Бекен Жылысбаевты бала күннен білем дедім емес пе? Сол кісінің ағасы Мұқан Жылысбаев Бөрлітөбеде партия-кеңес жұмыстарында басшылық қызметтерде болды.

Мұқан ағамыздың аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары кезі. Ауылда той болады, тойдың соңы кейде дау-дамайға айналады. Шұбартаулық бір жігіт сыртта жергілікті мықтылардан әлімжеттік көріп, «Шақантай, Шақантай» – деп ұрандауға мәжбүр болыпты. Сонда төрде отырған әлгі ағамыз «Қайда, қайда» деп сыртқа ұмтылса керек.

Ертеңіне Мұқан Жылысбаев рушыл деп, әлгі оқиғаны әсірелеп аудандық партия комитетіне арыз түседі, оны, әрине, талқылайды. Соңында бірінші хатшы:

- Қалай, Мұқа, енді мұндай жағдай қайталанбайтын шығар, - деп түйіндейтін көрінеді.

Сонда Мұқаң:

- Қайталанбайды. Бірақ «Шақантай дегенде шыдап тұра алмаймыз» - депті. Солай, айналайын, біз де аңшылық десе шыдап тұра алмаймыз. Жан жадыратар әдемі әзілмен басталған әңгіметіміз үйге келген соң ағалар туралы өткен жолғы сұхбатымыздың заңды жалғасына айналды.

Ағалар туралы айтқанда көз алдыма Жүсекеңнің-Жүсіпбек Елебековтың кейде бала, кейде дана аяулы бейнесі келе қалады. Мен Қазаққонцертке көркемдік жетекші болып келгенде қазақ өнерінің жұлдыздарының арасына топ ете түстім деп жоғарыда айттым ғой. Осыдан кейін Мәдениет министрлігі бас басқармасының бастығы болдым, бұл ағалармен қоян-қолтық араласуға мол мүмкіндік берді. 1963 жылы бірінші рет ұжым болып шетелге Монғолияға шығатын болдық. 24 адамбыз, құжатты Мәскеу дайындайды. Делегацияда Жүсіпбек Елебеков, Роза Бағланова, Кәукен Кенжетаев, Шара Жиенқұлова, Гүлжан Ғалиева, Сара Көшербаева, Зауыр Ибраев, Әнуарбек Үмбетаев және оркестріміз бар. Осы сапар баршамызды бауырластырып, талай қызық қырларымыз ашылды.

1958 жылы үйлендім, содан 1961 жылға дейін үйсіз жүрдік. Балалар қолайсыз пәтерде дүниеге келді. Филармония қорасындағы сыз бөлмеде тұрып көрдік. Бірақ ең бір шабытты дүниелерім осы кезде туындады. Менің Н.Шакеевтің өлеңіне 1959 жылы жазылған «Таң самалы» атты әнімді Роза Бағланова өз репертуарына алған. 1963 жылы гастрольда жүргенде осы әнді айтып, тыңдармандар ықыласына бөленді. Араға төрт жыл сап Жүсекең, Роза, Кәукен төртеуіміз Үндістанға бардық. Бұл сапарымыз Совет үкіметінің 50 жылдығына тұспа-тұс келді де біздің құрамға елші, профессорлары бар 6-7 адам қосылды. Премьер-министрдің қабылдауында болдық, алдымен идеологиялық тақырыпта баяндама, соңынан 40 минутқа есептелген концертіміз бар. Жүсекең қазақша, Кәукен еуропаша ән салды, ал Роза Тәжібайқызы мұндайда жайнап кетеді. Осылай Үндінің ыстық күні мен халық қошаметі ұштасып көңіліміз көкке өрлегені есімде.

Өткенді ойға алсам халық сүйіспеншілігіне бөленген Шәкен аға тұлғасы көз алдыма келе қалады. Жан-жақты талант иесі Шәкен Аймановтың айналасын думанға бөлеп отырған жайдары кескіні көрген жанның көңіліне ұялап қалатын-ды.

Шәкен аға 1914 жылғы, Мұқаңнан бір жас кіші. Екеуінің құрдастық әзілі ерекше еді-ау.

Бірі бойшаң, екіншісі шарғы бойлы. Шәкен құрдасының тұрпатын жиі қылжақ қылады. Бірде композиторлар одағының 5-ші қабатында бильярд ойнап жүргенбіз. Мұқаң келіп Шәкеннің қасына тұра қалды да:

- Біз де 40 размер киеміз, - дегені. Сөйтсе шляпасын биіктетіп аяғына өзі айтқандай мелжемді ботинка киіп келген екен.

- Апырау, бір түннің ішінде қалай өсіп кеткенсің, - деп таңырқайды Шәкең сыр бермей. Бәріміз күлкіге қарық болып қалдық.

Тұстастар туралы сыр

Үйленгеннен кейін екі жылдан соң Мәдениет министрлігіне қарасты мекемелерге арнап үй салына бастады. Тізімде тұрған сол үйдің болашақ тұрғындары жарты жыл бойы бітпеген үйіміздің күзетеміз. Армандаған үйіміз бізге 1960 жылы есігін ашты. Қанабек Байсейітов, Нұрғиса Тілендиев, Қалтай Мұхаметжанов, Сафуан Шәймерденов, Мұса Дінішев міне, біздің қызметтес көршілеріміз осы кісілер.

Мұсаның ұлы Әлібек осы үйде көз алдымызда өсті. Марқұм анасына баласын музыкалық училищеге беруге кеңес бергендердің бірміз. Нағашылары Рашит пен Мүсілімге тартып бала жастайынан ерекшеленіп еді, ел үмітін ақтады ғой. Қалтай Мұхамеджанов ол кезде драматургия мен музыка редакциясында бас редактор. Екеуміз қызметке паркті кесіп, бара саламыз – 8 март пен Гоголь көшесінің бұрышы.

Бірде қызметке кеттік деп асықтырған Қалекеңе «Қазір кофе ішіп алған соң шығамын», - деп десем керек. Содан соң-ақ Қалекең жігіттерге: «Бұл Балқаштың жағасында қамыстың үлпек басынан кофе дайындап ішіп үйренген», - деп әңгіме таратыпты. Қалай айтса да мені өсірген ауыл, Балқаш көл жағалауы естен шықпайтыны рас. «Балқаштағы кеш» деген хорға арналған поэмам бар. Осы шығармама 1962 жылы Хренников, Хачатурян, Прокофьев қол қойған І-дәрежелі диплом алдым.

1960 жылы көктемде Құрманғазы оркестріне Н.Тілендиев бас дирижер болып келді. Сол жылдары Алматы облысының барлық дерлік аудандарын араладық, екі ай бойы автобустан түспей жүрдік. Ол уақытта артистерге, оркестрге, оның әнші-күйшілеріне қошамет-құрмет ерекше болатын. Сол жүрген жерімізде біз күтіп алу - қарсы алудан кенде болған жоқпыз. Бірақ, ол кезде жайлы-жағдайлы автобус қайда… Бас-аяғы 65 адам, бір колхозға келеміз, бөлініп-бөлініп жаттығамыз.

Нарынқолдан түсіп келе жатып Үйғыр ауданына бұрылдық. Қазір ұмытыңқырап қалыппын, бізді әлде басқарма, әлде парторг, бір егделеу адам қарсы алды. «Бүгін концерт болмайды, орналасыңдар» дейді ол.

- Неге? Мен осы оркестрдің басшысымын, көркемдік жетекшісімін, - деймін мен ашу шақырып.

- Сендер шыққалы 1,5 ай болды. Анау Ұзынбұлақта Тұрсын Махметов моншаға түсіріпті. Ал бүгінгі монша бізден бұйырады.

Сырттай қиналсақ та іштей қуанып, Б. Жылысбаев, Н. Тілендиев,В. Қармысова, Жаппас Қаламбаев қоналқаға бірге бардық. Бізге жаубүйрек деген тағам әкелді. Дәу табақ ет, аппақ қардай, лақтың еті жеңіл деп белдемені тұтастай табақ бетіне жая салады екен. Айтуға оңай, ал жеу екі есе қиын.

Ертеңінде концерт қойдық. Халық төменде бір төбеге орындықтар қойып жайғасты. Әдет бойынша оркестрдің жай-жапсары туралы он минуттай түсіндіріп өттім. Екі сағатқа созылған тамашаның соңында көрермендердің ішінен бір ақсақал суырылып шықты:

- Қара қойдың ішегін сызып, қара айғырдың жалын ызып домбыра қылған қазағым сенен айналайын, осындай қазағымның өнерін дәлелдеп оркестр құрған үкімет, сенен айналайын! – деп ол сөзін тұжырымдады.

Мен ол сапардан байлықтың көзі, ақылдың кені туған ел деген ой түйіп қайтып едім.

Қызмет баспалдағында өрлеуді, құлдырауды көрсем де ешқашан өз бағытымнан айныған емеспін. Мәдениет министрлігінің бас басқармасын басқарып жүрген жерімнен 1961 жылы өз өтінішімен кеттім де консерваторияға аға мұғалім болып қабылдандым. Араға жыл салып опера театрының директорлығына ұсынылдым. Құрманбек, Қанабек, Ғарифолла, Манарбек ағаларымның көзі тірі. Алайда, халық операға бұрынғыдай көп бара бермейді. Содан кейін театрға көрермен жинаудың әр түрлі тәсілдерін іздестірдік. 1967 жылы күзде «Қыз Жібек» спектаклінің 1000-ыншы қойылымын қойдық. Алғашқы сахналанған кезден бергі артистерді шақырдық, халық өнерпаздарына қошамет көрсетті.

Сол жылы шығармашылық интеллигенция атынан Жоғарғы Кеңестің депутаттығына сайландым. 1967 жылдан 1974 жылға дейін консерваторияның ректоры болдым.

Қазақстан Композиторлар одағын Мұқан Төлебаевтан кейін Сыдық Мұхамеджанов, одан соң Ғазиза Жұбанова басқарған. 1968 жылы одақтың сайлауы болды, оның құрамында сайдың тасындай 30-ға жуық композиторлар бар болатын. Съезден соң композиторлар одағының басқармасы бірінші басшылыққа менің кандидатурамды ұсынды. Сол жылы консерватория ректорлығына қоса Композиторлар одағын басқару жауапкершілігі маған жүктелді. Мен одақты басқарған тұста мүшелер санын 36-дан 116-ға жеткіздім. Төлебаев пен Виноградов көшесінің қиылысынан салынған 5 қабатты үй, Таутүргендегі шығармашылық үй осы жылдардың жемісі.

«Алпамысты» 1968 жылы бастап 1971 жылы аяқтадым. Оның премьерасын «Советская культура» газеті мақтап жазды. Лондондағы совет музыкасы күндерінде «Дайрабай» деген күйім орындалды. Оны ерекшелеп айтып отырғаным қазақ музыкасының Кремль оркестрімен орындалуы үлкен оқиға болатын.

1973 жылы ЮНЕСКО-ның ұйымдастыруымен Азия елдерінің музыкасына арналған халықаралық конкурс бізде, Алматыда өткізілді.

Түйін

Еркеғали аға Рахмадиевпен арадағы мен үнтаспаға жазып алған сыр-сұхбат ары қарай жалғасын таппай қалды. Ер-ағаң Алматыға аттанды. 1997 жылдың көктемінде Бөрлітөбе Сарқан ауданымен қосылып, біз де қызмет бабымен қоныс өзгерттік. Ал аға естелігін қазқалпында қағазға түсірсем деген ойым араға уақыт салып жүзеге асты.

Саз өнерінің саңлағы туа бітті талантына қоса музыка саласында энциклопедиялық білімге қол жеткізген танымал тұлға қарапайымдылығымен, шешендігімен, көсемдігімен осылай көңіл төрінен орын алып еді.

Талантқа табынушы көпшіліктің бірі ретінде біз Еркеғали Рахмадиевтің 1989 жылы КСРО Жоғары Кеңесіне депутат болып сайланғанын, алып одақ бұрынғыдай басқара алмай, одақтас елдер бұрынғыдай тұра алмай екіұдай күн кешкен тұста заман талабын ту етіп, ел егемендігін мақсат тұтқанын жақсы білеміз.

1990 жылы Мәдениет министрлігінің тізгінін ұстап, Қазақстан тәуелсіздігін өзі басқарған сала тұрғысынан нығайтуға күш салды, елдің рухын көтерер маңызды шараларға ұйытқы болды. Егеменді елдің еңсесін биіктететін «Абылайхан» сияқты тұзы татымды туындылардың, шырайлы шығармалардың дүниеге келуіне көшбасы бола білді.

Біз көбіне асылдарымызды тірлігінде ардақтай алмаймыз, жоғалтып алған соң ғана бармақ шайнап, бас шайқап өкінеміз. Өмірдегі өзіндік ізін, өнегелі істерін естеліктерге арқау етеміз. Бүгінгі күн тұрғысынан алғанда қазақтың классикалық музыкасын өрістетуге зор үлес қосқан Ерағаңа көрсетілген құрмет, бүкіл қазақ өнеріне көрсетілген құрмет деп сезінуіміз керек.

Жомарт ИГІМАН,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.

●Бір өлең – бір әлем

Сарқыт саңлақтардан

Әдебиет теориясында «Айтуға болмайтын жағдайда ғана жазу керек» дейтін сөз өнерінің заңына айналған тамаша қағида бар. Бұл көркем туындыларға қойылатын қатаң талап болғанмен, шын мәнінде, адам ойынан туатын әрбір сөзге де қатысты... Олай деуімізге «Ойнап сөйлесең де ойлап сөйле» деген халық даналығы дәлел. Менің де бүгін қолыма қалам алуыма сол қағида себеп болып отыр.

«Жер жаннаты» аталған Жетісудың қашанда өнерді көкке өрлеткен дарындар мекені екені баршаға мәлім. Ақиық ақын Мұқағали өзінің «Менің автографым» өлеңінде:

... Байқашы бір,
Бықсыдым ба, жандым ба,
... Маханда жоқ,
Маханда рдың сарқыты –

Мұқағали Мақатаев бар мұнда»-дегендей, Сара, Бақтыбай, Ілияс, Қуат, Ғали сынды саңлақтардың сарқытының Жетісуда бүгінде сарқылмағанының куәсі болу біз үшін қиын емес. Ендігі сөз Сарқан өңіріндегі шайырлардың шынайы жалғасының бірі жайлы болмақ.

Жомарт Игіман «Көп жасағаннан сұрама, көпті көргеннен сұра» дегендей, ел ағасы болар азамат екенін таныта білді. Себебі, ол айтқан әрбір әңгіме, қозғаған ой кез келген адамды баурап алады. Қашан да қандай тақырыпта пікірлессең көпті көрген көнекөздерше ағыла кетеді. Әсіресе, өнер саласына келгенде көсіліп сала береді...

Өйткені, ол – ақын. Мен ақын болмасам да өзімді ақын жанды адамдардың бірімін деп есептеймін. Сондықтан да болар, өлеңдерін оқып танысқан соң үлкен рухани ләззат алып, еріксізден мына бір шумақты қалай айтып қалғанымды байқамағаным да есімде:

Ақынның ақындығы өз үнінде,
Ешкімге ұқсамайтын сезімінде.
«Көкірегі сезімді, тілі орамды»,

Ең бастысы, оқырман кезігуден,-деппін ақындарша шабыттанып. Одан бері де талай уақыт өтті. Оның тұрақты оқырманына айналдым. Кімге қалай, мен өзім Жомартты Мұқағалидың сөзімен айтқанда Жетісу саңлақтарының шын мәніндегі «сарқыты» деп танимын. Менің бұл пікіріме ақынның барлық шығармаларын болмаса да тіл, ел тағдырына арналған «Қаңбақ ғұмыр», экология жайындағы «Қарлығашым», ар, адамгершілік жөніндегі «Шоңайна», көңіл-күйге байланысты «Шарайна», табиғат сұлулығын суреттейтін «Табиғат тамашасы» лирикалары мен Ілиясқа арналған «Тұлпар тағдыры» поэмасын, М. Төлебаев жайлы «Талант табиғаты» толғауын оқыған адамның келісетіні сөзсіз.

Көкейде жүрген көп сөздің шиыршық атып шығуына майда мінез ақынның «Майса мамырым, келдің бе» деген шағын өлеңі түрткі болды. Небары үш-ақ шумақтан тұратын осы сөз суреті – ойлау, сезіну адамның бәріне ортақ болғанмен ақын ойы мен сезімнің біздің мүлде өзгеше екенін танытқан дүниесі. Онда көзбен көруге болатын сұлу суреттермен қоса ақын-сезім ғана аңғара алатын қаншама құпия сыр, қимыл-әрекет жатыр.

Келдің бе, мәртебелі
майса-мамыр.
Өзіңмен қауышуда сай-сала, қыр,
Жағасы жайлаудағы
бейқам жұртқа,

Уақытты қадірле деп ой сала жүр,-дейді ақын. «Еріншектің ертеңі таусылмайды» дегендей, баяғыдан келе жатқан бойкүйез бейқамдықты, «Жаздың бір күні – жылдық азық» екенін бұдан артық қалай сыпайы ескерт дейсің!

Ал мына:

Қарсы алды жағалауда
өскен құрақ,
Аңсаған бір өзіңді көптен сұрап,
Келді деп сүйіншілеп
қырға асықты,

Астарын жер-шекпеннің сөккен бұлақ,-деген қимыл-әрекетке толы шумақ мамырдың өзгенікі емес, қазақ даласынікі екенін айтпай-ақ «шекпен» сөзі арқылы айқындауы ақынның өзіндік үні десек артық айтпағандық болар.

Одан әрі:

Қыздай ғып төркіндеткен іргелі елі,
Өзіңмен шуақ, шаттық бір келеді.
Сен келіп мамыражай
болып қалдым,

Мамырым, екеуімізді кім біледі,-деген жолдардағы көктемнің қайта келуін төркіндеген келіншекпен, алмасып тұратын өмір кезеңдерін көктеммен астарлай суреттеу екінің бірінің ойына оралуы да екіталай.

Осы шағын өлең жайлы тұтас бір баға берер болсақ, бұл халқымыздың әдет-ғұрып, мінез-құлқы, эстетикалық талғамын танытатын суреттей сұлу, сезімтал да сыршыл, қисапсыз қимылға толы жорға жыр.

Өлең дегеннің – сөз, көркем сөздің – өнер екенін ескерсек, сол өнерге өзіндік үнмен келіп отырған осынау бір «сегіз қырлы, бір сырлы» ақын-азамат жайлы ойды ортаға салмаудың өзі де азаматтық болмас еді.

Жөкеңнің адами қасиеттері өз алдына бір әңгіме...

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйініне келер болсақ, «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» демекпіз.

Болатхан ЕСІРКЕГЕНОВ,
ардагер ұстаз.

Менің Отаным – Қазақстан

Өмір бәйтерегінің кішкентай бұтағы іспеттес болып енді ғана бүршік жарған балдырғандардың балабақшада алған тәрбиесінің сапалы болуына мектепке дейінгі мекеме қызметкерлерінің тынымсыз, ізденісті еңбегінің әсері ерекше деп бағалауға болады. Өйткені баланың өз қатарластарымен қарым-қатынасы, көңіл-күй ерекшеліктері, жүріс-тұрысы, еңбек әрекеті мен ойлау қабілетінің дамуы балабақша қызметкерлерінің барлығының жіті назарында. Бүлдіршіндер ауданымыздағы іргелі балабақша «Балдырған» бөбекжай бақшасында жыл бойы ұйымдастырылатын іс-шараларға белсене қатысып, таным-түсініктерін кеңейтеді.

Сондай тағылымды шараның бірегейі ретінде бөбекжайымызда ұйымдастырылған еліміздің сан мың жылдар бойы армандаған, сол жолда ғасырлар бойы найзаның ұшымен, ерлеріміздің ерен ісімен келген, тарихымызда алтын әріптермен жазылып қалатын Тәуелсіздік күні мерекесіне орай «Менің Отаным – Қазақстан» атты оқу қызметін айрықша атап өтуге болады. Балалардың Отанға деген сүйіспеншілігін оята отырып, елжандылыққа тәрбиелеу, Отан туралы түсініктерін кеңейту, патриоттық сезімдерін ояту мақсатындағы бұл сабақта балалар мемлекеттік гимнді нақышына келтіріп шырқап, қолдарының моторикасын дамыту үшін фребель технологиясымен «Бәйтерек» монументін жапсырмалар арқылы жасап шықты. Жоғарыда аталған шараны балалар көк туымызбен танысу барысындағы түрлі тақпақтарымен және үстілеріне арнайы дайындалған ту түстес киімдер киюімен көркемдеп, ата-аналарына қуаныш сыйлады.

Г.МУЛЬКАМАНОВА,
«Балдырған» бөбекжай бақшасы «Балбөбек» ортаңғы тобының тәрбиешісі.

Тасарық орта мектебінің 4-сынып оқушыларының шығармашылығынан

Сынып жетекшісі К.Баяхметова

Тәуелсіздік байлығым

Тәуелсіздік-еліміздің баға жетпес байлығы. Тәуелсіздік - әлемдегі ең құдіретті сөз. Ел еркіндігі. Мен осы тәуелсіз Қазақстан елінде тұрып жатқаныма мақтанамын. Қазақстанның өзінің белгіленген шекарасы, діні, тілі, мемлекеттік рәміздері мен мәдениеті, салт-дәстүрі бар тәуелсіз елге айналды. Мен еліммен, жеріммен мақтанамын!

Елнұр РИНАТҰЛЫ.

Тәуелсіздік

Құтты болсын
Тәуелсіздік мерекесі,
Мықты болсын елімнің керегесі.
Тату болып халқымыз әрдайым,
Кетпесін туған елдің берекесі.

Мұрат ҚАЛЕЛ.

Жарайсың, Мұрат!

Мектебімізде Тәуелсіздік күніне орай «Жайна, жаса Қазақстан!» атты патриоттық ән байқауы өтті. Біздің Сезім мен Мұрат сыныбымыздың намысын қорғады. Байқау да өз мәресіне жетті. Үздіктерді марапаттай бастады.

Біздің Мұрат топ жарып бас жүлдеге ие болды. Біз сенімен мақтанамыз Мұрат. Өнерің өрге жүзсін!

Інжу РАХИМБАЙ.

Бақытты ұрпақпыз

Біз бақытты ұрпақпыз. Себебі ата-бабамыз ғасырлар бойы аңсаған тәуелсіз ел болу мәртебесін біз көріп жатырмыз.Бұл бізге бұйырған зор бақыт деп білемін. Болашақ ұрпақ көк туымызды бейбіт аспан астында желбіретіп, әлемге таныту біздің міндетіміз деп білемін. Тәуелсіздік мерекесі құтты болсын қазақ елі!

Амир АМАНТАЙ.

•101 ескертеді

Пешке от жаққанда абай болайық

Өрттің шығуы жаз айларында далалы аймақта орын алса енді күн суыта тұрғын үйлерге ауысада. Өйткен тұрғын үйлерде пешке от жағу кезінде өрт қауіпсіздігі ережесінің сақталмауы жиі кездеседі. Мысалға алатын болсақ тұрғын секторда от жағу кезеңінде өрт қауіпсіздігі ережесінің бұзылуы жиі кездесудің салдарынан бұзушылықты жою үшін ӨҚҚБ қызметкерлері тұрғын үй иелерін әкімшілік жауапқа тартады. Тұрғын үйлерде көбінесе кездесетін өрт қауіпсіздігі ережесінің бұзылушықтары отты пайдаланғанда және пешке от жаққанда қараусыз қалдыруы, ошақ, монша салғанда өртке қарсы нормаларын ескермеуі. Электр сымдарының ақауларына қарамауы және электр есептегішіне қолдан жасалған қорғандырғыш қолдануынан. Тұрғын үйде көбінесе пештен әлде қысқа туйықталуынан өрт жиі болуда. Тұрмыстық электр жабдықтарын пайдаланғанда да абайлық сақтамайды. Тұрғындарға айтарымыз пештің түтіндігін үш айда бір рет қара күйеден тазартып отыруын, түтіндікті тазартпауы салдарынан түтіндік дұрыс тартпай адамдардың улануы да кездесуде. Оттан абай болған абзал.

Е.ТУРСУНОВ,
Сарқан ауданы ТЖБ бастығы, азаматтық қорғау майоры.

Өрт қауіпсіздік ережелерін сақтаңыздар

Өрт шығу орындарын талдап-зерттеу нәтижесі аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің қызметкерлерінің қолданып жатқан шараларына қарамастан тұрғын үйлер екенін көрсетіп отыр. Яғни, азаматтардың үйлерінде өрт басқа орындарға қарағанда жиі орын алады. Оның себептері де әр түрлі. Оның ішінде басты 4 себептерді айтуға болады. Олар отты абайсыз қолдану, пештің ақаулығы, электір желілері мен құралдарын пайдалануда өрт қауіпсіздік ережелерін сақтамау, сонымен бірге балаларды қараусыз қалдыру болып табылады. Ең бастысы, үйде бірден-бір от жағылып, қыс бойы пайдаланылатын пеш ақаулы болса, онда ол өрттің баспанада орын алуына бірден-бір себепші. Сондықтан да үйдегі пешке аса үлкен жауапкершілікпен қарау керек. Пеш жаздың күні міндетті түрде жөндеуден өткізілуі керек. Мұржалары жылына кем дегенде 2 рет тазартылып, сыланып, әктелуі тиіс. Пештің ауыздығының алдына 50-70 см. темір міндетті түрде төселуі қажет. Пештің үстіне ағашты, қағазды және басқа да заттар мен бұйымдарды қоюға болмайды. Балаларға пешті қарауға және жағуға тиым салынады. Сонымен қатар өрт оқиғаларының басты себепшілердің бірі ол газ баллондарды пайдаланудағы өрт қауіпсіздік ережелерін сақтамау болып отыр. Газ баллоны өртке қауіптілігімен бірге үйде жарылысқа себепші болып, үлкен апатқа да соқтыруы мүмкін. Газ баллоны газ плитасына дұрыс орнатылуы қажет. Газ баллонынан газдың шығып жатқанын, тек сабын көпіршіктері арқылы көруге болады. Газдың иісін ауадан сезген уақытта сіріңке жағуға, темекі шегуге, басқада электр қондырғыларын іске қосуға болмайды.

Газ шыққанын байқасаңыз, тез арада есік пен терезені ашып бөлмені желдетіліп, баллонды далаға шығарып апаттан құтқару қызметіне хабарласыңыз. Баллонды қыздыруға, егер баллон бұзылған болса оны өзіңіз жөндеуге тиым салынады.

Құрметті аудан тұрғындары, өрт қауіпсіздік ережелерін сақтауларыңызды өтінеміз. Өрттен сақ болыңыздар!

Ринат АХМАРОВ,
Сарқан ауданы ТЖБ бас маманы, азаматтық қорғау капитаны.

Мұз үстіндегі қауіпсіздік

Қыс қаһарына мініп, судың беті тоңдана бастады. «Жаман айтпай, жақсы жоқ» деген даналықты ұстана отырып, осы тоңның тосын мінез танытуынан қорғану амалдарын сіздерге ұсынғалы отырмыз. Есіңізде жүрсін және туыстарыңызға, достарыңызға айтып бөлісіңіз!

Мұздың қаттылығын көзбен-ақ көріп байқауға болады: егер мұздың түсі көгілдір болса – берік, ақ болса – беріктігі 2 есе аз дегенді білдіреді. Ал егер мұздың түсі ақшыл сұр, күңгірттеу болса, бұл мұздың үстімен жүру тұрмақ, маңайына жоламағаныңыз абзалырақ. Мұз үстіне қас қарайған шақта және ауа-райы қолайсыз кезде (тұман, қар, жаңбыр) мүлдем шықпаңыз. Өзеннің арғы бетіне шықпақ ойыңыз болса, өткелмен өтіңіз. Бұл әлдеқайда қауіпсіз. Мұзды аяқпен теуіп, тексеруге болмайтынын ұмытпаңыз. Егер, бірінші тепкіден аз мөлшердегі су көрінсе немесе мұз бетінде аз-кем жарықшалар пайда болса, мұз жұқа және оның үстімен жүруге болмайды дегенді білдіреді. Бұл жағдайда міндетті түрде судың жағасына келген ізіңізбен кері қайтыңыз. Аяғыңызды иық тұсымен мұздан алмай, жеңіл адымдап жүріңіз, себебі, күш бір нүктеге түспеуі керек. Мұздан өтерде, осыған дейінгі салынған әдеттегі ізбен жүріңіз, егер бұндай із болмаса, айналаңызға мұқият қарап, жететін орныңызды жете біліп алыңыз. Топ болып, мұздан өтетін болсаңыздар, мұзға аса қатты салмақ түсірмеу үшін 5-6 метрдей болатын бір-біріңіздің арақашықтықтарыңызды сақтап жүріңіздер. Қатқан өзенді (көлді) шаңғымен өткен дұрыс. Есіңізде болсын: ақырын қозғалыңыз, шаңғының ілмегін білегіңізге ілмеңіз, себебі, қауіп туғанда қолыңыздан шеше алмай қалып жүресіз. Егер, сөмке асынсаңыз, тек бір жақ иығыңызға ғана асып жүріңіз. Бұл қауіп кезінде тастай салуға ыңғайлы болмақ.

Абылайхан ДҮЙСЕНБАЙ,
Сарқан ауданы ТЖБ инженері, азаматтық қорғау лейтенанты.

Сохраним «легкие» планеты

Приближается Новый Год а как говорится «что это за новый год, да без ёлки». Ежегодно, со времен Петра Великого, на Руси было принято на Новый год украшать свои жилища хвойными лапами. Однако со временем эти традиции практически исчезли и переросли в другие – украшать свои жилища новогодней ёлкой. Согласитесь, очень приятно когда в доме хоть на пару недель поселяется пушистая зелёная красавица, заботливо украшенная новогодними игрушками, мишурой и всяческими гирляндами и напоминающая о новогоднем чуде, которого так ждут дети, а часто и взрослые. И ведь она дарит нам не только праздничное настроение, запах хвои и нарядное преображение интерьера, новогоднее деревце, даже будучи срубленным, вырабатывает фитонциды, борется с вредными микроорганизмами, увлажняет пересушенный воздух – одним словом, изо всех сил оздоравливает общую атмосферу в доме. Но мало кто задумывается в это веселое время, сколько необходимо потратить время и труда чтобы вырастить, уберечь от лесных пожаров новогодних красавиц, и какой вред от этого может быть нанесён окружающей среде. В связи с этим в предверии нового года ежегодно на территории Жонгар Алатауского ГНПП и его охранной зоне введен режим охраны хвойных пород деревьев от незаконных порубок и вывозов, в которой участвуют государственные инспектора парка совместно с сотрудниками полиции. В рамках предотвращения спила и несанкционированного вывоза молодняков хвойных пород выставлены посты на дорогах ведущих в лесные массивы, усиленно дежурство на кордонах, ведется автомобильное патрулирование, патрулирование с применением летательных аппаратов (дронов), беседы с местным населением и гостями. Многие из нас уже сделали свой выбор, будет ли в доме стоять искуственная елка или же она придет на праздник прямо из леса. Но хочется верить, что лесная красавица в вашем доме не будет являтся результатом браконьерских действий и варворского отношения к природе.

Керимбек ЕРБАЕВ,
гос.инспектор Басканского лесничества Сарканского филиала.

Орман өртінің себептері мен салдары

Өрттерді бақыланбайтын жану процесі деп атайды. Орман өрттері - сол процесс, бірақ ағаштар тығыз отырғызылған жерде. Орман өрттері шөптерге, бұталарға, құраған ағашқа немесе шымтезекке бай жасыл жерлерде жиі кездеседі. Мұндай апаттардың себептері мен салдары әр аймақта әр түрлі.

Қазба көмірлері өрттің 420 миллион жыл бұрын жердегі өсімдіктер пайда болғаннан кейін көп ұзамай басталғанын көрсетеді. Орман өрттерінің жер бетіндегі тіршілік тарихында орын алуы өрттің көптеген экожүйелердің флорасы мен фаунасына айқын эволюциялық әсер еткен болуы керек деген болжам туғызады.

Орман өрттерінің түрлері мен классификациясы

Орман өрттерінің негізгі үш типі бар: жоғарғы, төменгі және жерасты.

Жоғарғы ағаштарды шыңына дейін өртейді. Бұл ең қарқынды және қауіпті өрттер. Әдетте, олар ағаштардың тәжіне қатты әсер етеді. Мұнда қылқан жапырақты ормандардағы мұндай өрт ағаштардың қатты тұтанғыштығына байланысты ең қауіпті екенін атап өткен жөн. Дегенмен, бұл экожүйеге де көмектеседі, өйткені күмбез жанып болғаннан кейін күн сәулесі жерге жетіп, апаттан кейінгі өмірді қолдайды.

Жердегі өрттер ағаштардың, бұталардың және жер жамылғысының төменгі деңгейлерін күйдіреді (жерді жапқанның бәрі: жапырақтар, қылқаламдар және т.б.). Бұл ең жеңіл түрі және орманға аз зиян келтіреді.

Жер астындағы өрттер гумустың, шымтезектің және сол сияқты өлі өсімдіктердің терең жинақталуымен өртеніп, құрғап кетеді. Бұл өрттер өте баяу таралады, бірақ оларды сөндіру кейде қиынға соғады. Кейде, әсіресе ұзаққа созылған құрғақшылық кезінде, олар бүкіл қысты жер астында тұтана алады, содан кейін көктемде жер бетінде қайта пайда болады.

Пайда болу себептері

Орман өрттері табиғи және жасанды себептерден туындауы мүмкін.

Табиғи себептерге негізінен найзағай, жанартаудың атқылауы (Ресейдегі белсенді жанартаулар), тас құлауынан шыққан ұшқындар және өздігінен жану жатады. Олардың әрқайсысы ағаштардың от көзі. Орман өрттерінің таралуына қолайлы жағдайлар жоғары температура, ылғалдылықтың төмендігі, жанғыш материалдардың көптігі және т.б.

Техногендік себептермен орман өрті өрттің шығуы алау, темекі, электр ұшқыны немесе кез-келген басқа тұтану көзі адамның немқұрайлылығы, немқұрайлылығы немесе ниеті салдарынан ормандағы кез-келген жанғыш материалмен жанасқанда пайда болуы мүмкін. Сол себепті құрметті отандастар таулы аймаққа барған жағдайларда өртке қарсы шаралар мен ережелерді қатаң сақтауға шақырамын.

Алмас ЕСИМБЕКОВ,
«Жоңғар Алатауы» МҰТП РММ Сарқан филиалының ОӨС станциясының басшысы.

2024 жылға арналған жеке тұлғалардың кірістері мен мүлкін жалпыға бірдей декларациялау жөнінде

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 121-VI ҚРЗ Заңының 45-1-бабы негізінде Қазақстанда жалпыға бірдей декларациялау 4 кезеңде енгізілді.

Енді 3-кезеңге тоқталайық.

2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстанда жалпыға бірдей декларациялаудың 3 –ші кезеңі басталады.

Активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны (250.00 нысаны) келесі тұлғалар тапсыру керек.

- заңды тұлғалардың басшылары мен құрылтайшылары (қатысушылары) және олардың жұбайлары (зайыптары);

- дара кәсіпкерлер және олардың жұбайлары (зайыптары);

Активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны табыс ету мерзімі:

Электрондық түрде – 2024 жылғы 15 қыркүйектен кешіктірмей.

Активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны табыс ету тәсілдері:

Электрондық түрде – «Салық төлеушінің кабинеті» Мемлекеттік кірістер комитетінің web-порталы (cabinet.salyk.kz), «Электрондық үкімет» порталы (egov.kz) арқылы, сондай-ақ eSalyq azamat және (egov.kz) мобильді қосымшалары арқылы. Қағаз түрінде – мемлекеттік кірістер органдарына келу тәртібімен не тапсырыс хатпен пошта арқылы жіберіледі

Активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны қайда тапсыру қажет:

Жеке тұлғалар (дара кәсіпкерлерді және жеке практикамен айналысатын адамдарды қоспағанда, мысалы, мемлекеттік қызметшінің жұбайы) тұрғылықты жері бойынша декларация тапсырады.

Дара кәсіпкерлер және жеке практикамен айналысатын адамдар декларацияны орналасқан жері бойынша табыс етеді.

Активтер мен міндеттемелер туралы декларацияда көрсетілетін мәліметтер.

Активтер мен міндеттемелер туралы декларацияда:

1.Қазақстан Республикасынан тысқары жерлердегі мүліктері:

• жылжымайтын мүлік, жер учаскелерін және (немесе) жер үлестерін, әуе және теңіз кемелерін, ішкі суда жүзу кемелерін, «өзен-теңіз» жүзу кемелерін;

• көлік құралдарын, арнайы техника және (немесе) тіркемелерін;

• барлық банк салымдары бойынша республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және есепті салық кезеңінің 31 желтоқсанында қолданылатын айлық есептік көрсеткіштің 1000 еселенген мөлшерінен асатын сомадағы Қазақстан Республикасынан тыс жерлердегі шетелдік банктердегі банк шоттарындағы ақшасын;

• Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде құрылған заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлесін көрсетуге арналған.

2. Қазақстан Республикасындағы және (немесе) одан тыс жерлердегі мүлік:

• тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы келісім бойынша тұрғын үйдегі үлес;

• бағалы қағаздар, туынды қаржы құралдары (туынды қаржы құралдарын қоспағанда, олардың орындалуы базалық активті сатып алу немесе сату арқылы жүзеге асырылатын);

• инвестициялық алтын;

•зияткерлік меншік объектілері, авторлық құқық;

•республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және декларация ұсынылған жылдың алдындағы жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша қолданыстағы айлық есептік көрсеткіштің 10000 еселенген мөлшерінен аспайтын мөлшерде көрсетілген қолма-қол ақша;

•Банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы заңнамасына сәйкес құрылған берешегін қоспағанда, міндеттемелердің немесе талаптардың туындауына негіз болып табылатын нотариат куәландырған (куәландырған) шарт немесе өзге де құжат болған кезде жеке тұлғалардың жеке тұлға алдындағы берешегі (дебиторлық берешек) және (немесе) жеке тұлғаның басқа тұлғалар алдындағы берешегі (кредиторлық берешек);

•Активтер мен міндеттемелер туралы декларацияда Қазақстан Республикасының бағалау қызметі туралы заңнамасына сәйкес бағалаушы мен салық төлеуші арасындағы шарт бойынша жүргізілген бағалау туралы есепте айқындалған құн болған кезде, осы мүліктің бірлігі үшін баға (құн) республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және есепті салық кезеңінің 31 желтоқсанында қолданылатын айлық есептік көрсеткіштің 1000 еселенген мөлшерінен асып кеткен жағдайда жеке тұлғаның қалауы бойынша басқа мүлік көрсетілуі мүмкін. Бұл ереже мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын мүлікке, сондай-ақ құқықтары және (немесе) мәмілелері мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын мүлікке қатысты қолданылмайды.

2024 жылы Активтер мен міндеттемелер туралы декларация тапсырылғаннан кейін, 2025 жылдан бастап жыл сайынғы Кірістер мен мүлік туралы декларацияны (270.00-нысан) тапсыру міндеті туындайды.

Сарқан ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы.

МЕРЕКЕ КҮНДЕРІ ТАМАҚТАН УЛАНЫП ҚАЛМАУ ҮШІН НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

Мереке күндері тамақтан уланудың саны артатыны жасырын емес. Жіті ішек инфекцияларының негізгі себептері – тамақ дайындау технологиясының бұзылуы немесе мерзімі өткен тағамдарды жеу. Тамақтан улану кез-келген уақытта орын алуы мүмкін. Сондықтан, қысқы мерекелер қарсаңында мейрамхана, кафе, үйдің тамағынан уланудан сақтану үшін бірнеше кеңес бергіміз келеді.

Қоғамдық тамақтандыру объектілерінің (мейрамханалар, дәмханалар және т.б.) халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы рұқсаты болуы керек. Нысандарда жәндіктер мен кеміргіштерге қарсы дератизация және дезинсекция шараларын жүргізу қажет. Тамақты дайындау кезінде технологиялық процесті, тағамды тасымалдау ережелерін сақтап, сондай-ақ жарамдылық мерзімін ескеру қажет. Өнімдердің сапасы мен қауіпсіздігін растайтын құжаттары болуы керек. Үй-жайлар мен жабдықтарды да таза ұстаған дұрыс. Дайын өнімдермен жұмыс істегенде бір рет қолданылатын қолғаптарды, шикі және дайын өнімді бөлек кесетін жабдықты пайдаланыңыз. Жеке гигиена ережелерін сақтаңыз және арнайы киім киіңіз. Жұмысқа рұқсаты бар медициналық кітаптардың болуы, қызметкерлерді іріңді ауруларға күнделікті тексеру және өндірістік бақылауды енгізу керек.

Сондай-ақ, үйде тамақты сақтау ережелері мен пісіру технологиясын сақтау қажет. Тез бұзылатын және дайын өнімдерді тоңазытқыштарда сақтауды ұмытпаңыз. Шикі және дайындалған өнімдердің бөлек сақталатынын және өңделетінін қаперден шығармаңыз. Дастарханға қойылатын тағам дайын болған соң, бірден ұсынуға тырысыңыз. Салаттарды майонез, дәмдеуіш, тұздық, маймен дастарханға ұсынар алдында араластырғаныңыз абзал. Мерекелік отырыстан соң қалып қалған тағамдар мен салаттарды ұзақ мерзім сақтауға болмайды.

Сонымен қатар, ауыр және өлімге әкелетін ауру - тағамдық ботулизм сияқты улану туралы білу маңызды. Уланудың негізгі себептері үй жағдайында консервіленген тағамдарды (саңырауқұлақ, баклажан, қияр және т.б.) жегеннен пайда болады.

Д.КАЛЫГУЛОВ,
Сарқан аудандық СЭББ бас маманы.

Как пройти реабилитацию бесплатно?!

С 2020 года медицинская реабилитация и восстановительное лечение входит в пакет обязательного социального медицинского страхования. В 2023 году Фонд социального медицинского страхования профинансировал более 170 тысяч реабилитационных услуг по области Жетісу. Одним из учреждений, оказывающих данные услуги в нашем регионе, является спортивно-реабилитационный центр «Асар». О том как изменилась работа центра за последние 3 года рассказал его руководитель Елдос Баялышбаев.

- Реабилитационный центр «Асар» функционирует уже более 8 лет. Какие изменения произошли за это время?

- Мы проделали большую работу на пути усовершенствования реабилитационной помощи. В первую

очередь улучшили материально-техническую базу. За счёт приобретения необходимых оборудований мировых стандартов повысили качество оказываемой помощи. К примеру, с 2017 года по гранту приобрели оборудования из Польши, Италии, Германии, также привезли американские тренажеры. Люди после травмы позвоночника и спинного мозга, с нарушением опорно-двигательного аппарата приезжали в «Асар» не только со всех районов нашей области, но и с других регионов Казахстана. Одним из главных изменений на сегодняшний день это то, что мы являемся поставщиком реабилитационных услуг Фонда социального медицинского страхования и с 2020 года начали работать в рамках обязательного социального медицинского страхования. Это означает что сейчас, люди, нуждающиеся в реабилитации, получают его бесплатно. Всем известно, что недавно мы открылись в новом здании со всеми необходимыми условиями, где имеются оборудования кинезотерапии, кабинеты физиотерапии, массажный и процедурный кабинеты, кабинеты психолога и логопеда, буфет и созданы все условия для обеспечения доступной среды для наших пациентов. Все услуги в центре оказываются на бесплатной основе, для их получения необходимо назначение врача.

- Уже более трех лет «Асар» оказывает реабилитационные услуги в рамках ОСМС. А как было до ОСМС?

- В самом начале нашей деятельности реабилитацию мы проводили бесплатно только жителям города Талдыкорган. Они обращались к нам через местный исполнительный орган - управление социальной защиты. А жители с других районов и сел проходили курсы реабилитации на платной основе. Сейчас же благодаря статусу застрахованности в системе ОСМС каждый желающий без лишних трат, беспрепятственно, не смотря на свое социально-экономическое положение может обращаться к нам. Все расходы за их лечение покрывает Фонд социального медицинского страхования. В добавок о преимуществе ОСМС хочу привести пример. На сегодняшний день рыночная цена на 1 посещение кинезотерапии в городе Алматы стоит 10-15 тысяч. А пациенту чтобы добиться хороших результатов необходимо пройти эту процедуру в несколько этапов по две недели. Не все могут позволить себе это. Но благодаря ОСМС мы можем предоставить возможность пройти реабилитацию поэтапно 3-4 раза в год. Еще не менее важно, надо отметить, что благодаря ОСМС у нашего центра появилось дополнительное финансирование. Это в свою очередь помогло нам покрыть кредитование, приобрести новые необходимые оборудования, привлечь специалистов. Следовательно, увеличился поток пациентов, а это означает что наши услуги стали доступнее. Изначально мы хотели, чтобы «Асар» был доступен для всех. К этому мы и пришли.

- Какие новые виды услуг по реабилитации появились в центре за последние годы?

- Работа центра в начале была нацелена на восстановление пациентов с травмами позвоночника, спинного мозга. А сейчас мы проводим реабилитацию после инсульта, грыжи, протрузии и детям с ДЦП. Лечения в центре направлены на равномерное мышечное развитие с целью снижения нагрузки на позвоночник и суставы, восстановление мышечного баланса, улучшение питания, усиление хрящевой ткани сустава, по средством лечебной физкультуры на специально изготовленных более 30 тренажерах. Наш центр отличается высокотехнологичностью оборудований, которые помогают человеку снова научиться ходить. В течение последних нескольких лет мы приобрели оборудования необходимые в терапии пациентов с неврологическими и ортопедическими патологиями, двигательными нарушениями из-за перенесенных трав и заболеваний. А именно, это экзоскелеты испанского производства, многофункциональная роботизированная реабилитационная система «Луна», подвесные системы кинеза, специальный костюм «Кенгуру» для имитации ходьбы и движения. С помощью этих оборудований около 10 квалифицированных специалистов в лице тренеров и врачей реабилитологов помогают нашим пациентам восстановить двигательные функции. На сегодняшний день реабилитацию прошли более 2000 человек, из них встали на ноги более 200 человек, улучшили двигательные функции более 500 человек. За месяц наш центр в среднем посещают 20-25 человек. Если пациент пришел на коляске, то уходит от нас уже на костылях, если пришел к нам на двух костылях, то уходит от нас на одной трости. Всегда отслеживаются наилучшие результаты.

- Куда нужно обратиться чтобы пройти реабилитацию бесплатно?

- Сегодня у пациентов есть уникальная возможность выбора больниц и клиник. Этот принцип помогает человеку получить ту самую необходимую услугу в выбранном учреждении. Например, чтобы попасть в «Асар», надо обратиться к своему участковому врачу, по медицинским показаниям пациенту назначаются необходимые анализы, и он получает направление к нам. Также можно обратиться в наш центр, мы даем перечень необходимых анализов и приглашение в центр. После необходимо отнести это направление своему участковому врачу и через Бюро госпитализации в рамках ОСМС сможете получить реабилитационную помощь.

- Спасибо за интервью!



Спорт

Баскетболдан мықтылар анықталды

Жуырда «Оқу-ағарту, бюджеттік ұйымдар, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің «Жетісу» жергілікті кәсіподағы ҚБ Сарқан аудандық филиалының ұйымдастыруымен Тәуелсіздік күніне орай кәсіподақ мүшелерінің қатысуымен баскетболдан жарыс өтті. Тартысты өткен бәсекеде I орынды Абай атындағы мектеп-гимназиясының командасы иеленсе, II орынға Алмалы орта мектебінің командасы, III орынға Н.Островский атындағы мектеп- лицейінің командасы табан тіреді. Сонымен қатар үздік ойын көрсеткен жекелеген ойыншылар да марапатталды.

Өз тілшіміз.

Сөзжұмбақ шешудің пайдасы

Британ ғалымдары сөзжұмбақ (кроссворд) шешу мен мидың саулығы арасында байланыс бар екенін анықтады. Мамандар Лондонда өткен халықаралық конференцияда осы мәселе туралы арнайы баяндама жасады. Ғалымдар жасы 50-ден жоғары, денсаулығы мықты 17 мыңнан аса адамға сауалнама жүргізіп, оларға бірнеше тапсырма берген. Нәтижеде мына нәрсе анықталды. Күн сайын сөзжұмбақ немесе соған ұқсас түрлі бас қатырғыштарды шешумен айналысу мидың саулығын жақсартып, жұмысын белсенді етеді екен. «Біз адамдардың кроссворд шешу жиілігі мен зейінге, логикалық ойлауға және жады мықтылығына байланысты тапсырмаларды шешу жетістігі арасында байланыс бар екенін анықтадық», - дейді зерттеудің жетекші авторы Кир Вернес. Оның айтуынша, зерттеуге қатысушылар ішінде сөзжұмбақ шешуді жақсы көретіндер аталған тапсырмаларды өздерінен 10 жас кіші адамдар сияқты жақсы орындайды.

Бәрекелді!

Республикалық турнирде жеңімпаз атанды

Жақында, нақты айтқанда 15-18 желтоқсан күндері аралығында Алматы қаласында Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай Республикалық турнир өткен болатын. 30 командаға біріккен 250 жасөспірімдер қатысқан ауқымды жарыста ауданымыздың үкілі үміттері төккен тер, еткен еңбектің өтеуіндей жүлделі орындармен оралды. Саялы өңіріміздің намысын қолдан бермей, жүлдеге лайық екендіктерін нақты нәтижемен көрсеткен былғары қолғап шеберлері біздің мақтанышымыз. Олар: №1 мектеп-гимназиядан Дамир Иманжанов 1 орын, Бірлік орта мектебінен Думан Нұртілеу мен Бағдаулет Бағжан 1 орындар, Бақытжан Ермұхан мен Бисембай Азат 2 орындар және Бекзат Тоқтасын Н.Островский атындағы мектеп-гимназия 1 орын. Жаттықтырушылары Ақжол Тоқтасынның баптауындағы былғары қолғаптың жас өрендері бағындырар белестер әлі алда деген нық сенім бар.

Өз тілшіміз.

Жаңа жылдық әзілдер

- Айыпталушы, сіз әмиянді қашан тауып алдыңыз?

- 31 желтоқсан күні.

- Онда неге бірден милицияға тапсырмадыңыз?

- Сол күні милицияда ешкім болмады.

- Ал келесі күні ше?

- Келесі күні әмиянда ештеңе қалмады.

* * *

Жаңа Жыл мерекесі өткеннен кейін екі дос:

- Жаңа жылды қалай қарсы алдың?

- Білмеймін, әлі ешкім айтып берген жоқ ...

* * *

- Жаным, Жаңа Жылға қандай сыйлық алғың келеді?

- Ой, білмеймін, тіпті ...

- Жақсы, онда саған ойлануға тағы бір жыл уақыт беремін.

Пиротехнические изделия могут нанести вред здоровью

Взрыв пиротехники сопровождается выбросом множества газов и взвешенных частиц. В дыме фейерверка присутствуют соли металлов, которые требуются для создания цветовых эффектов, окислители, продукты сгорания. Алюминий даёт фейерверку бриллиантово-белый свет. Он способен вызывать дерматиты и накапливаться в организме, нарушая работу нервной ткани. Сульфид сурьмы обеспечивает сверкание, его дым токсичен и является возможным канцерогеном. Соли свинца используются в качестве окислителей и могут долгое время оставаться в воздухе. Они крайне токсичны для нервной системы, почек и кишечника. Нитрат бария придаёт фейерверку зелёное свечение, а заодно сильно раздражает дыхательные пути. Газообразные продукты горения (оксиды азота, озон, диоксид серы) могут вызвать ожоги дыхательных путей и общее отравление, большинство фейерверков также содержат высокотоксичные вещества: серу, мышьяк, марганец, перхлорат калия, нитрат стронция. Вред от поражающих факторов пиротехники тем больше, чем чаще и интенсивней они действуют. Особой опасности подвергаются дети с повышенной реактивностью бронхов. Во время профессиональных фейерверков в атмосферу выбрасывается гораздо больше дыма, чем во время любительских. Однако домашняя пиротехника представляет не меньшую, если не большую, опасность для здоровья, поскольку сгорает на меньшей высоте, и её дым гораздо проще вдохнуть. При проведении фейерверков зрители должны находиться на участке, на который не попадает дым, с учётом направления ветра. Кроме того, пиротехникой они рекомендуют пользоваться в местах, удалённых от плотно заселённых районов. Также неоднократно звучали призывы ограничить использование в фейерверках солей тяжёлых металлов. Реализовать это сложно, поскольку такие вещества придают горящим смесям яркую окраску. Наибольшую и наиболее изученную угрозу дым пиротехники представляет для людей, страдающих от бронхиальной астмы или множественной чувствительности к химическим веществам. Эффекты дыма зависят от физических и химических свойств его компонентов. Однако известно и универсальное действие взвешенных частиц, не зависящее от состава: увеличение их концентрации в воздухе повышает частоту госпитализаций людей с хроническими болезнями лёгких и сердца. Особенно сильно этот эффект проявляется в городах с высокой загрязнённостью воздуха, но имеет значение и в экологически благополучных регионах. Наибольшему риску подвергаются люди с бронхиальной астмой. В зависимости от мощности, громкость взрыва пиротехнического устройства может достигать 140—170 децибел (бензопила или рок-концерт создают шум в 110 децибел). По мнению экспертов ВОЗ, 140 децибел – пороговое значение громкости для взрослых, после которого неизбежны повреждения слухового аппарата. Для детей этот показатель составляет 120 децибел. Таким образом, при любительском запуске фейерверка от него нужно отойти как минимум на 15-20 метров, также желательно использовать беруши. При несоблюдении правил безопасности, на несколько дней может притупляться слух и появляться звон в ушах, возможны травмы барабанной перепонки. Также было изучено, что является более опасным повреждающим фактором для глаз – взрывная волна или частицы фейерверка. Выяснилось, что мелкие частицы несгоревших взрывчатых материалов представляют наибольший риск. Таким образом, при использовании пиротехники стоит бояться не только травм и ожогов. А самый лучший выход – не увлекаться ей вообще, или наблюдать за профессиональными фейерверками с безопасного расстояния.

Д. ОРДАБАЕВ,
ведущий специалист УСЭК
Сарканского района.

Меншік иесі: "Сарқан газеті" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

SARQAN
Құрылтайшысы:
Директор - бас редактор
ИГІМАН Жомарт Мақатұлы

Газет Қазақстан Республикасы ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2019 жылғы 30 қазанда тіркеліп, №KZ46VPY00016564 куәлігі берілген.

Редакцияның мекен-жайы:
041500 Сарқан қаласы Тәуелсіздік көшесі, 117
Телефон: 2-20-47, 2-23-53
e-mail:
igiman01@mail.ru

Таралымы: 3050
Осы шығарылымның таралымы: 3050
Газет индексі: 35202,15202
Офсеттік басылым 1 баспа табақ
Газет аптасына бір рет жұма күні қазақ және орыс тілдерінде шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мәтініне жарнама беруші жауапты.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Газет «Ербол - Али» ЖШС баспаханасында (Тәуелсіздік, 108) басылады.